

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1271 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 527 Жарлығы  
*Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс.*

**Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1271 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 50, 640-құжат; 2005 ж., N 39, 555-құжат; 2006 ж., N 35, 373-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ережеде :

8-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) валюталық интервенцияны жүзеге асырады;"

13 - тармақта :

1) тармақшада "және шетел банктерінде Қазақстан Республикасы резиденттерінің шоттар ашу тәртібінің" деген сөздер алып тасталсын;

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) резиденттердің репатриация талаптарын орындауын қамтамасыз ету мақсатында резиденттердің экспорт және импорт жөніндегі мәміле паспорттарын ресімдеудің бірыңғай ережесі мен шарттарын және экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

5) валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметпен айналысуға лицензиялар береді және берудің, беруден бас тартудың, қолданылуын тоқтатудың тәртібі мен шарттарын белгілейді;"

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) валюталық операцияларды тіркеу, валюталық операциялар туралы хабарлау және шетелдік банктерде шоттар ашу тәртібін белгілейді, тіркеу куәліктерін және хабарлау куәліктерін береді;"

6) тармақша "және валюталық мониторинг жүргізеді" деген сөздермен толықтырылсын;

16-тармақта:

2) тармақшада "; банкаралық клирингке; сейф операцияларына; төлем карточкаларын шығаруға" деген сөздер алып тасталсын;

9) тармақшада "және бухгалтерлік есеп стандарттары туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы" деген сөздер "туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) арнайы қаржы компаниялары орындауға міндетті бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және операцияларды автоматтандыру жүйелері мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын, сондай-ақ операцияларды автоматтандыру жүйелеріне қойылатын талаптарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады;"

1 1 ) т а р м а қ ш а д а :

"қымбат металдардың" деген сөздерден кейін "және қымбат металдардан жасалған монеталардың" деген сөздермен толықтырылсын;

"жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде корреспондент банктердің банктік шоттары жөніндегі тапсырмалары бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру; банкаралық клиринг; сейф операциялары; төлем карточкаларын шығару;" "чек кітапшаларын шығару;" деген сөздер алып тасталсын;

", сондай-ақ банкаралық клирингті жүзеге асыру, төлем карточкалары мен чек кітапшаларын шығару мен пайдалану тәртібін айқындайды;" деген сөздермен толықтырылсын;

14) тармақшада "бухгалтерлік есептің стандарттарын" деген сөздер "қаржылық есептіліктің стандарттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақтың 3) тармақшасында "және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларының мониторингін (валюта мониторингін)" деген сөздер алып тасталсын;

23-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға лицензия беру, қолданылуын тоқтата тұру және одан айыру туралы шешімдер қабылдау;"

28-тармақтың 14) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі негізінде Қазақстан Ұлттық Банкі берген лицензияларды қайта ресімдеу және бұрын берілген лицензиялардың телнұсқаларын беру туралы шешім қабылдайды.";

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымында 1-бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 14-1-жолмен

Т О Л Ы Қ Т Ы Р Ы Л С Ы Н :

"14-1. Тәуекел-менеджмент басқармасы".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ